

Шуланбекова Г.К.  
**Қазақстан Республикасының  
ветеринариялық қауіпсіздігін  
қамтамасыз ету**

Мақалада елді азық-түлікпен және шикізат өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ауылшаруашылығын дамытудың кешенді шаралары қарастырылған. Арнайы кешендерді, фермерлік қосалқы шаруашылықтарды дамыта отырып, алдағы уақытта малшаруашылығы өнімдерін көбейтудің жолдары қарастырылған. Сонымен қатар мал және шикізат өнімдерін өңдеуді құқықтық реттеу тетіктері талқыланған. Мал ауруларын анықтау мен оны емдеудің алдыңғы қатардағы әдістері мен жолдарын табу және практикаға енгізу, сонымен қатар жануарлар мен құстардың ауруларын және шығынын азайтатын ветеринариялық санитариялық шараларды жүзеге асыру жүйесін құқықтық тұрғыда жоғары деңгейде реттеу зерттелген.

**Түйін сөздер:** мал шаруашылығы, ветеринария, ветеринариялық қауіпсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі.

Shylanbekova G.K.  
**Legal regulation of veterinary  
safety in the Republic of  
Kazakhstan**

The article, in order to ensure the country's food and raw materials provided by the package of measures for the development of agriculture. Special facilities, with the development of farming, livestock products joldanqarastırılған to increase in the future. At the same time, livestock and processing of raw materials discussed the mechanisms of legal regulation. Livestock identification and treatment of diseases of the leading methods and find ways and implementation, as well as diseases of animals and birds, as well as the implementation of cost-cutting measures in the veterinary and sanitary examined regulation of the legal system at a high level.

**Key words:** animal husbandry, veterinary medicine, veterinary safety, food security.

Шуланбекова Г.К.  
**Правовое регулирование  
ветеринарной безопасности  
в Республике Казахстан**

В статье для обеспечения безопасности продовольствия и сырья предоставлен комплекс мер по развитию сельского хозяйства. Для увеличения специальных комплексов, развития фермерских хозяйств, продукции животноводства рассмотрены варианты в будущем. А так же рассмотрены проблемы правового обеспечения ветеринарной безопасности. Приведены методы и способы идентификации заболеваний домашнего скота и лечения, правового обеспечения ветеринарно-санитарной безопасности.

**Ключевые слова:** животноводство, ветеринария, ветеринарная безопасность, продовольственная безопасность.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ата Заңымызда Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар деп берілген [1]. Ал тауарлардың ветеринарлық талапқа сәйкес болуы адамның денсаулығына тікелей әсер етеді. Яғни жоғарыда айтылған Ата Заңда белгіленген норма еліміздің ветеринарлық қауіпсіздігінің құқықтық негізінің бастауы деп айтсақ та болады. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Сонымен қатар ветеринарлық қауіпсіздікке байланысты мәселелер бойынша көптеген халықаралық шарттар да бар.

Ветеринариялық қауіпсіздік азық-түлік қауіпсіздігімен, ұлттық қауіпсіздікпен, экологиялық, санитарлық қауіпсіздікпен тығыз байланысты.

Бірінші қауіпсіздік ұғымына түсінік беріп алайық. Қауіпсіздік – адам, адам ұжымының, қоғамның, мемлекеттің қалыпты жағдайда өмір сүруі және қызмет істеуі.

Ветеринариялық қауіпсіздік – заңды және жеке тұлғалардың ветеринарлық-санитарлық ережелер талаптарын орындауымен қамтамасыз етілетін техникалық және дәрілік құралдардың, мал шаруашылығы өнімдерінің, ветеринарлық мақсаттар үшін жемдер мен жем қоспалары айналымының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік экономикалық және ветеринарлық шаралар кешені.

Ветеринарлық қауіпсіздік түсінігі тікелей жануарлардың аса қауіпті аурулары болмайтын, ал жануарлардың өзге ауру деңгейі белгілі уақыт пен нақты аумақ үшін тән қалыпты ауру деңгейінен аспайтын жағдайдағы эпизоотиялық қолайлылыққа байланысты болып табылады.

Қазақстан Республикасында жүргізілетін ветеринариялық қызметтің негізгі мақсаты шаруашылықтарда ветеринариялық шараларды сапалы әрі уақытылы жүргізіп, жануарларды жұқпалы емес, жұқпалы және паразиттік аурулардан тазарту, қауіпті індеттерден адамды сақтандыру, мал ауруын азайту, шығынға жол бермей, шаруашылықтарға келтіретін зиянды барынша азайту болып саналады. Ветеринария саласының

экономикалық, биологиялық және медициналық санитариялық маңызы да жоғары.

Әлемнің және республикамыздың ветеринария саласындағы жетістіктері де айтуға тұрарлықтай. Көрнекті ғалымдардың жан-жақты жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде жануарлардың көптеген ауруларын жою әдістері және аурулардан сақтандырудың жолдары ойластырылып табылған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында сиыр обасы, ала өкпе қабынуы, жылқы маңқасы жойылған.

Қазақстанда 1810 жылға дейін жануарлар ауруларын емдеумен малшы қазақтар өздері айналысқан, содан кейін Ресейден жұмыс бабымен келген ветеринарлық мамандары, ал 1891 жылдан бастап ветеринариялық қызмет жекеленіп, өз алдына бөлініп шыққан. Мамандарды Омбы, Тобыл ветеринариялық мектептері, сонымен қатар Қазан, Юрьев, Варшава ветеринариялық институттары дайындаған. 1897 жылы тұңғыш ветеринариялық бактериологиялық лаборатория Оралда ашылған. 1920 жылы ветеринариялық бас басқарма құрылып, Қазақстанда ветеринариялық саланың дамуына А.П. Петровский, У.Б. Базанов, Т.И. Исенгулов, К.И. Скрябин, А.П. Сейдалиев және тағы да басқа ғалымдар үлкен үлес қосқан.

Жұқпалы аурумен күресудің негізі аурудың алдын алу болып табылады. Сиыр шаруашылығында жүргізілетін ветеринариялық шаралар шаруашылықтың жоспарлы жұмыстары құрамына кіреді және мал шаруашылық мамандарымен біріге отырып жүргізіледі.

Ветеринария саласы сау және ауру жануарлар организмнің тіршілік заңдылығын, аурудың пайда болу себептерін, анықтау әдістерін, аурудың алдын алу және малдарды күтіп бағу, азықтандыру, жұмысқа жегу жолдарын ескере отырып, ауру жануарларды емдеу, сонымен қатар адамды жануарлар мен адамға ортақ аурулардан сақтандыру шараларын толық меңгеретін ғылыми білімнің кешені.

Агроөнеркәсіптік кешен негізгі саласының бірі ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік болып табылады.

Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік – жануарлардың саулығы, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың тағамдық қауіпсіздігі, аумақтың ветеринариялық-санитариялық салауаттылығы, халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласын-

дағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің жай-күйі [2].

Енді ветеринарияның негізгі проблемаларына келсек, олар:

1) ветеринария саласындағы заңнамалық базаның жетілдірілмегендігі (ветеринариялық құжаттарды беру кезіндегі әкімшілік кедергілер (ветеринариялық анықтамаларды беруді тек ауылдық округтің ветеринар дәрігері жүзеге асырған және ауданның тиісті аумағында жарамды болған), ветеринариялық құжат бланкісінің құнын банкте төлеу қажеттілігі, бұл әбігерге салады және қосымша шығындарды тудырады, ветеринария заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтың төмендігі);

2) ветеринария жүйесінің институционалдық жетілдірілмегендігі (ұтымсыз кадрлық бөлініс, ветеринар мамандардың басым көпшілігі практикалық қызметке қарағанда «кеңселік» жұмыспен көп айналысады, кадрлармен қамтамасыз етілмеу және ветеринар мамандар біліктілігінің жеткіліксіздігі);

3) ветеринариялық іс-шараларды жүргізудің төмен сапасы (өнімнің қадағалануын қамтамасыз ететін және эпизоотиялық қадағалауды жүзеге асыратын ақпараттық жүйелер жоқ, ветеринариялық ұйымдар лайықты түрде барлық қажетті жабдықтармен жарақталмаған, ветеринариялық препараттардың, ерекшелік, сезімталдық, қайталану және жаңартылу көрсеткіштері бойынша сынақ нәтижелерін диагностикалық мамандардың сапасын бақылайтын жүйе жоқ).

4) жануарларды бірдейлендіруді жүргізу рәсімдерінің жетіспеушілігі (орталықсыздандырылған сатып алу, құлақ сырғаларын жоғалту пайызының жоғары болуы, жануарлардың иелеріне сырғалардың құнын қайтармау, интернет желісімен қамтамасыз етілмеген ауылдық елді мекендердің бірдейлендіру жөніндегі электрондық дерекқорға қол жеткізе алмайтындығы);

5) Халықаралық ұйымдармен әлсіз ықпалдасуы.

Ветеринария саласындағы бар проблеманы шешу үшін мынадай іс-шаралар жүргізілуде:

– ХЭБ мақұлдаған ветеринариялық қызметті дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясы әзірленді;

– ветеринариялық жүйе республикалық және жергілікті деңгейлерде институционалдық нығаюда; ветеринариялық ұйымдарды кезек-кезеңмен материалдық-техникалық жарақтандыру жүргізіліп жатыр (өтімділігі жоғары арнайы автомашиналар, жануарларды ұстап тұруға

арналған жіктер, қандардың сынамаларын және патматериалды тасымалдауға арналған салқындатқыш чемодандар), инсенираторлар (өлекселерді өртейтіндер);

– жануарларды бірдейлендіру рәсімдерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдануда (бірдейлендіруге арналған атрибуттар мен бұйымдарға қойылатын талаптарды күшейту, мал иелерінің малды бірдейлендірудегі жауапкершілігін арттыру, құлақ сырғаларын және басқа да атрибуттарды сатып алуды орталықтандыру, жануарларды бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды және бағдарламаларды порталдық режимге ауыстыру);

– ветеринариялық зертханаларды салу және жаңғырту бойынша жұмыс жалғастырылуда. 48 ветеринариялық зертханалар пайдалануға берілді (11 облыстық және 37 аудандық ветеринариялық зертханалар). Жылдың аяғына дейін 67 аудандық ветеринариялық зертханалардың құрылысын аяқтау жоспарланып отыр;

– ЖАО құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ролдерін күшейту, сондай-ақ ЖАО ветеринариялық бөлімшелерін мемлекеттік қызмет мәртебесінде ауылдық округтер деңгейіне төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде, бұл тәжірибе жинайтын ветеринар дәрігерлердің санын арттыруға мүмкіндік береді;

– жануарлардың аса қауіпті аурулары және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бойынша елдің эпизоотиялық саулығын қамтамасыз ету мақсатында ХЭБ-тің ұсынымдары және ҒТК ғылыми қорытындыларының негізінде жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы күрес жүргізу жөніндегі стратегияны әзірлеу басталды. Бірінші кезеңде аусылға және бруцеллезге қарсы күрес жүргізу стратегиясы әзірленген, себебі осы аурулар айтарлықтай қауіпті болып табылады және экономикалық және әлеуметтік залал келтіреді.

Мысалы, 2006-2015 жылдары бруцеллез диагнозы қойылған ірі қара малдың 370 мың басы союға жіберілген болатын, бұл мал шаруашылығына кері әсер етті. Бұл ретте, бруцеллез ауруы анықталған жануарлардың диагнозын растау үшін қайтадан диагностика жүргізілген жоқ. Мал шаруашылығының бруцеллезден болған осындай айтарлықтай шығынын ескере отырып бірқатар шаралар қабылданды: иммуноферменттік талдаудың орнына зерттеулер үшін бруцеллезді диагностикалаудың арзандау, бірақ сенімді классикалық әдістерін пайдалану енгізілді, иммуноферменттік талдау диагностикасын жасамау бруцеллезге қарсы

вакцинациялауды жүргізуге рұқсат беруге мүмкіндік берді, диагнозды міндетті түрде растау енгізілді.

Ауылдық жерлерге ветеринарлық мамандарды тарту және мемлекет тарапынан беретін көмек арқылы олардың тұрақтауын қамтамасыз ету мәселелері толық шешілуі тиіс. Осы бағыттағы жасалып жатқан жұмыстар мемлекеттік жүйеде жүрген ветеринар мамандарды ғана қамтиды. Ал ветеринарлық іс-шаралар жүргізетін мамандар тыс қалуда. Бір сөзбен айтқанда, ветеринария саласының кадрлық сұрақтары әлі шешімін тапқан жоқ. Қазіргі таңда ауыл-аймақтардың үштен бір бөлігінде ветеринар мамандар жоқ. Мұндай жағдаймен елдегі эпизоотикалық жетістіктер мен мал шаруашылығының дамуы туралы айту орынсыз. Ауылдық жерлерде бірде бір ветеринар маманы болмағаннан кейін қосымша мемлекеттік бақылау құрылымдарын құру тиімсіз.

Ветеринарлық ғылымның дамуына көп назар аударуымыз керек. Және де препараттарды, вакциналарды, диагностикалық штамдарды өзімізден өндіріліп жатқан отандық кәсіпкерлерге қолдау жасауымыз қажет.

Мал шаруашылығын дамыту мақсатында эпизоотиялық ғылыми-негізделген болжамдар, инфекциялық және инвазиялық ауруларды емдеуге арналған диагностикалық және вакциналық препараттарды жасау үшін кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіміз керек.

Сонымен қоса отандастарымыздың арасында ветеринарлық сауаттылықты арттыру үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет. Өкінішке орай, бүгінгі таңда мұндай жұмыстардың мүлдем жүргізілмей отырғандығын мойындауымыз керек. Осы олқылықтың салдарынан жалпы халық арасында ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздік қағидаларын білмеу, сақтамау орын алуда. Осының салдарынан кей кездері аурулардың кең тарауына әкеліп соғуда. Еңбегімді қорытындыласам, ветеринарлық санитарлық қауіпсіздікті сақтау мақсатында тек қана егу шаралары аздық етеді. Толық кешенді жұмыс жүргізу керек.

Ауыл шаруашылығы министрлігі 2013-2020 жылдарға агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың салалық бағдарламасы жобасында ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін дамытуға баса назар аударылған. Сонымен қатар, Қазақстанның алдағы уақытта БСҰ-ға кіруі ауылшаруашылық тауар өндірушілерінен тамақ қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарға сәйкес сапалы және қауіпсіз өнімдерді жеткізуді талап етеді.

Ветеринариялық заңнаманы жетілдіру процесінде және құқық қолдану қызметі барысында Конституцияның үстемдік принциптерін және төменгі деңгейдегі актілердің жоғары деңгейдегі актілердің нормаларына сәйкестігін бұлжытпай сақтау қажет.

Елдегі заңдылық режимін және құқықтық жүйенің тұрақтылығын да, сонымен қоса қолданыстағы Конституция шеңберінде ұлттық құқықтың қарышты дамуын да қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қажет.

Еліміздегі ветеринариялық заңнама ұлттық құқықтық жүйенің негізі конституциялық құқық болып табылады. Оның қарыштап дамуы 2007 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде елеулі түрде жаңарған Қазақстанның қолданыстағы Конституцияның принциптері мен нормаларына сүйенеді.

Конституцияның принциптері мен нормаларын, ең алдымен, мемлекеттік билік органдары мен оның лауазымды адамдарының ветеринариялық қызметінде толыққанды іске асыру, бұл ретте Конституцияны тікелей қолданумен қатар ағымдағы заңнама және құқық қолдану арқылы оның әлеуетін қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылады.

Біздің мемлекетіміздің Конституциясында бекітілген Республика қызметінің түбегейлі принциптерін (бұл: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, барша халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу) сақтау мен іске асыру елдегі ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // <http://adilet.zan.kz>. – 2016.
- 2 Ветеринария туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңы. // <http://adilet.zan.kz>. – 2016.

#### References

- 1 Қазақстан Respublikasynuң Konstitucijasy 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyқ referendumda қабылданды. // <http://adilet.zan.kz>. – 2016.
- 2 Veterinarija turaly Қазақстан Respublikasynuң 2002 zhyly 10 shildedegi № 339 Zaңy. // <http://adilet.zan.kz>. – 2016.